



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектептің 2025 -2026 оқу жылында
Тілдер мерекесіне орай қыркүйек айының 08-12 аралығында
өткізілетін «Тілім менің ғасырларға аманат» атты апталығының
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның мазмұны	Өткізу формасы	Мерзімі	Орындаушы	Жауаптылар
1	«Тілім менің ғасырларға аманат» атты апталығының ашылуы	жиын	08.09.2025	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова
2	«Тілім менің тірегім,соғып тұрған жүрегім»	Сынып сағаты	08.09.2025	Сынып жетекшілер	ДТЖЖО М.Нурманова
3	«Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесі	Кітап көрмесі	09.09.2025	Кітапханашы Г.Сариева	ДТЖЖО М.Нурманова
4	«Тіл ұлттың тұғырлы тірегі» тақырыбы аясында	Мақал -мәтел, накыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері, жұлдыздардың ұлағатты сөздері, жұлдыздардың ұлағатты сөздері, жұлдыздардың ұлағатты сөздері	10.09.2025	ҚББП А.Болатбекова Үйірме жетекшілері Халикова Жумабаева	ДТЖЖО М.Нурманова
5	«Ана тілім ардағым» интеллектуалды жарыс	интеллектуалды жарыс	11.09.2025	Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова
6	«Тіл ұлттың тұғырлы тірегі» атты мерекелік бағдарлама 3 тілде өткізілді	Мерекелік іс-шара	12.09.2025	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева Тәлімгер Д.Байтасова Орыс тілі пән мұғалімі Мәлікайдар М Ағылшын тілі пән мұғалімі Сайлауов Д	ДТЖЖО М.Нурманова

Дайындаған:М.Нурманова

Түркістан облысы Шардара қаласы
Шардара аудандық білім бөліміне қарасты
№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектеп

«Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім»



Тәрбиеші: Битурсева Г

2025-2026 оқу жылы.

Сабақтың тақырыбы: «Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім»

Сабақтың мақсаты: балалардың тіл туралы білімдерін жетілдіру, өз ана тілінің қадыр – қасиетін біліп, сөз құдіретін түсініп, оның өміріндегі маңызын ұғуға үйрету. Шаттық шеңбері

Шуақ шаша алатын таңда,
Мөлдір таза ауада.
Табиғаттың бәрі оянады
Қайырлы таң балалар!
Сәлем бердім саған елім!
Тал бесігім туған жерім,
Сәлем бердім бәріңізге!

Балалар, бүгін бізде ерекше сынып сағатын өткелі отырмыз. Бүгін біз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі, ана тілі – қазақ тіліне деген өзіміздің сый құрметімізді көрсетпекпіз.

Әдеттегідей іс – әрекетімізді жүректен – жүрекке жылы лебіздерімізбен жалғастырайық.

Аспанымыз ашық болсын!
Еліміз тыныш болсын!
Бақшамыз бақты болсын!
Жеріміз гүлдене берсін!
Елімізде бейбітшілік болсын!
Қазақстан гүлдене берсін!
Отбасымыз аман болсын!
Деніміз сау болсын!
Жеріміз бай болсын!
Әрқашан күн сөнбесін!
Жыл ерекшеліктерін сұрау.
Қазір жылдың қай мезгілі?
Күз мезгілінді неше ай бар?
Күз айларын атайық?
Күз ерекшеліктерін ата ?
Күз.

Ай

Қыркүйек, қазан, қараша.

Күн жаңбырлы болады. Адамдар жылы киінеді. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. т.б.

Біздің еліміз, Отанымыз қалай аталады?

Елімізді басқарып отырған елбасымыз кім?

Ұлтымыз кім, біздің ана тіліміз қандай біз қай тілде сөйлейміз?

Дұрыс, ана тіліміз қазақ тілі екен. Бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Тілім менің

тірегім, Соғып тұрған жүрегім» деп аталады екен. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

Қазақ Қазақ тілінде сөйлейміз. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ тілінің

сақталуына, дамуына, халық арасында қазақ тілінің орын алуына үлкен үлес қосқан

ақындарымыздың бірі – Қадыр Мырзалиев атамыз.

Ана тілің арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте. – деген жақсы өлең шумағын ескермесек болмас.

Біздің Отанымыз – байтақ та, бай ел. Елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Әр халықтың өз ана тілі бар. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен кіріп, бойға тарайды. Ана

сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің күдіреттілігі, көркемдігі – өрлігінде, орасан зор байлығында.

Әр халықтың ана тілі – оның бақыты және қуанышы.

Туған тілін мақтан ету, оны таза сақтау, оның өрлеп, өсе түсуіне еңбек сіңіру – әрбір қазақ отбасының жүрегінің тазалығы.

Тіл әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды бейнесі.

Балалар біз жан-жақты болып өсуіміз керек.

Сондықтан тек қана ана тілімізбен шектелмей орыс, ағылшын тілдерін де жетік меңгеруіміз керек. Тіл деген қасиетті ұғым екен,

Қазақ тілі жырлайтұғын жырым екен.

Ұмытпайық тілімізді ешқашан,

Қасиетті сақтайтұғын сырым еке,-демекші тіл туралы тақпақтарға кезек береміз

Жарайсындар, балалар

Тіл – әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды бейнесі. Қазақ халқы сөзге шешен, ойы ұшқыр, мақалдап сөйлейтін халық. Мақал-мәтелдер талай замандар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан асыл мұра. Кезекті мақал-мәтелге берейік.

Жарайсындар, балалар олай болса бүгінгі сынып сағатын қорытындылайық.

Тілім саған әрқашанда бас немін,

Бар ғой сенің бойыңда қасиетін.

Тіліміз деп әрқашан мақтан тұтқан

Ұмытпайық бабалардың өсиетін – дей келе бүгінгі ашық сынып сағаттың қорытындылайық.

Бүгін біздің сынып сағаты не туралы болды?

Ұлтымыз кім?

Қай тілде сөйлейміз?

Балаларды мадақтау.



Түркістан облысы Шардара қаласы аудандық білім бөліміне қарасты №2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі 0 «Г» тобының «Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты сынып сағатынан көріністер.



Түркістан облысы
Шардара ауданы
№2 Ж.Жабасов атындағы бастауыш мектебі

«Тіл әр халықтың байлығы»



Кітапханашы: Г.Сариева

2025-2026оқу жылы

Мәлімет

5 қыркүйек – Тілдер күніне орай мектеп кітапханасында «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесі өткізілді.
Іс-шараға 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты: оқырмандарға мемлекеттік тілдің маңызын, қасиетін ұғындыру, өз тілін құрметтеуге шақыру. Кітап көрмесіне А.Байтұрсынұлының тіл танымдық мұрасы және басқа кітап мұрасы қойылды.

Оқушылар өз өнерлерін көрсетті: өлең оқыды, мақал-мәтелдер айтты. Тіл - ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, Қазақстанда тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу, кітапты оқуға тарту, оқу мәдениетін арттыру, Қазақстандық патриотизмді нығайту.

**№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде Тілдер
мерекесіне орай «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап
көрмесінен көріністер**



№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Тілдер мерекесіне орай
«Тіл ұлттың тұғырлы тірегі»
тақырыбындағы іс –шараның

М Ә Л І М Е Т І

Мектебімізде Тілдер мерекесіне орай «Тіл – ұлттың тұғырлы тірегі» атты танымдық сайыс өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың ана тіліне деген құрметін арттыру, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, сондай-ақ қазақ тілінің құдіретін ұғындыру болды.

Байқау барысында оқушыларға кроссворд, сканворд, ребус тапсырмалары ұсынылды. Бұл ойындар арқылы оқушылардың ойлау қабілеті дамып, логикалық тұрғыдан тез жауап беруге машықтанды. Әр топ ана тілінің байлығын паш етіп, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолдануға тырысты. Іс-шара өте қызықты өтті. Балалар өздерінің тапқырлығын, білімін көрсете білді. Соңында белсенділік танытқан оқушылар марапатталып, «Тіл – қастерлі қазына, елдіктің тұғыры» екендігі тағы да атап өтілді.

Дайындаған: С.Халикова

№2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебинде Тілдер мерекесіне орай
откізілген іс – шарадан көріністер



**Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп**

**Тіл - ұлттың тұғырлы тірегі
Сайыс**

Дайындаған: А.Болатбекова

Тіл – ұлттың тұғырлы тірегі

Армысыздар, құрметті оқушылар!

Бүгінгі біздің мерекелік сайысымыздың тақырыбы – «Тіл – ұлттың тұғырлы тірегі».

Тіл – халықтың рухани байлығы, ұрпақтан ұрпаққа жететін қазына.

Ендеше, тіл мерекесіне арналған білімді де өнерлі сайысымызға қош келдіңіздер!

2. Сайыстың мақсаты

Қазақ тілінің мәртебесін көтеру;

Оқушыларды ана тілін құрметтеуге, қорғауға тәрбиелеу;

Шығармашылық қабілеттерін арттыру;

Ұлттың болашағы – тілдің сақталуында екенін ұғындыру.

3. Қатысушылар

Әр сыныптан немесе топтан 4- сынып оқушыдан құралған командалар.

Мысалы:

«Жүйріктер» тобы

«Алғырлар» тобы

4. Сайыс кезеңдері

I кезең – «Сәлем – сөздің анасы» (Таныстыру)

Әр топ өз атауын, ұранын, эмблемасын таныстырады.

Мысалы:

«Ана тілі – ар намыс, ұрпаққа қалдырған бабамыздың аманаты!»

II кезең – «Бәйге» (Сұрақ-жауап)

Әр топқа 10 сұрақ қойылады. Дұрыс әрі жылдам жауап берген топ ұпай алады.

1. Қазақ тілінде неше дыбыс бар? (42)

2. «Қобыланды батыр» жырың кім жырлаған? (Марабай жырау)

3. Мемлекеттік тіл туралы заң қай жылы қабылданды? (1989 ж.)

4. Қазақтың үш биін ата. (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)

5. «Тіл – халықтың жанын танудың кілті» деген кімнің сөзі? (Ғабит Мүсірепов)

III кезең – «Шешендік өнер»

Әр топқа тақырып беріледі:

Тіл

Отан

Осы тақырыпта 2 минут ішінде ойтолғау айту немесе мақал-мәтелдермен байланыстырып сөйлеу.

IV кезең – «Өнерлі өрге жүзер»

Әр топ өз өнерін көрсетеді:

Өлең оқу;

V кезең – «Жорға» (Блиц-сұрақтар)

Әр топқа жылдамдықпен қойылатын сұрақтар.

1. Қазақ әліпбиіндегі соңғы әріп? (Я)
2. Қазақ тілінде неше септік бар? (7)
3. Ұлттық валютамыз? (Теңге)
4. Қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар? (12)
5. Мемлекеттік рәміздер нешеу? (3)

5. Қазылар алқасы

Қазылар алқасы сайыс барысында әр кезеңге ұпай беріп, жеңімпазды анықтайды.

6. Қорытынды

Жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Міне, тіліміздің қадір-қасиетін ардақтауға арналған сайысымыз өз мәресіне жетті.

Тіл – ұлттың рухани жаны, ең асыл қазынасы.

Ендеше, ана тілімізді әрқашан ардақтайық, қорғап, дамытайық!

7. Ұраны

«Тілі жоғалған халықтың – өзі де жоғалады!»

«Тіл – ұлттың тірегі, халықтың жүрегі!»

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
Тілдер мерекесіне орай
«Тілім менің ғасырларға
аманат» атты апталық аясындағы
«Тіл ұлттың тұғырлы тірегі»
тақырыбындағы сайыстың

МӘЛІМЕТІ

Мектебімізде Тілдер мерекесіне орай «Тіл ұлттың тұғырлы тірегі» тақырыбында мектеп оқушыларымен сайыс өткізілді. Сайысқа 4-сынып оқушылары қатыстырылды.

Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, сөздік қорын, шешендік қабілетін дамыту. Сайысқа 2 топ қатысып, сайыс 5 кезеңнен тұрды:

1. Таныстыру
2. Бәйге
3. Шешендік өнер
4. Өнерлі өрге жүзер
5. Жорға

Нәтижесінде «Жүйріктер» тобы жеңіске жетті.

Дайындаған: А.Болатбекова

№2 Ж.Жабасев атындагы бастауыш мектебінде өтілген «Тіл – ұлттың тұғырлы тірегі» атты іс – шарадан көріністер



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебі

Тіл- ұлттың тұғырлы тірегі
(Мерекелік бағдарлама)

Дайындаған: А.Усенбаева

2025-2026 оқу жылы

Тіл -ұлттың тұғырлы тірегі

Мақсаты: жас жеткіншектер бойына халқының қадір-қасиетін сіңіріп, өз ана тілін жетік меңгертіп, ұшқыр да шешен сөйлеуге баулу, қасиетті ана тілін қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу;

Фанфар ойналады

1-жүргізуші: Армысыздар құрметті ұстаздар мен балғын шәкірттер! Қазақстан Республикасының тілдері мерекесіне арналған «Тіл ұлттың тұғырлы тірегі» тақырыбындағы салтанатты жиынымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

2-жүргізуші: Тіл –әрбір ұлттың заңы, сезімнің, ойдың жанды көрінісі, халық тарихы мәдениеттің даму жолы. Тіл мерекесінің 5-қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы-тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Барша Қазақстандықтар қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлауда. Бүгінгі тілдер мерекесімен баршаңызды құттықтаймын!

1-жүргізуші: Қуан халқым, күшіне енді Тіл заңы,
«Сүйінші» деп акын тілмен жырлады.
Ел елдігі бағаланар тілімен,
Сол арқылы құлпырады гүл бағы.

2-жүргізуші: Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.
Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып –ақ алыңдар.

мектебіміздің жарық жұлдыздары 3-сынып оқушысы Бейсембай Айтжан орындауында «Қазақ тілі» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: Әр адамзаттың қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өзінің атамекенін қалай білуімен өлшенбек.

Аналық ақ сүтіне, уызына жарыған адам қашан да отаншыл, ұлтжанды болмақ.Әркімнің өз тіліне деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз отанына деген құрмет деп білу керек. Ендеше сөз кезегін 3-4-сыныптың көркемсөз шеберлеріне береміз.

1. 3 а сынып білім алушысы Әбдіжал Дарига
2. 3 ә сынып білім алушысы Дүйсенбек Айзере
3. 3 б сынып білім алушысы Абдималик Аяжан
4. 3 в сынып білім алушысы Шалабай Нұрәлем
5. 3 г сынып білім алушысы Алтынбек Анель

7. 4 а сынып білім алушысы Базарбай Қуаныш
8. 4 б сынып білім алушысы Бақытжан Дамир
10. 4 в сынып білім алушысы

2-жүргізуші: Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай қасиетті мұрамыз, ана тіліміз- қазақ тілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

1-жүргізуші: Ғұлама жазушымыз Мұхтар Әуезов айтып өткендей «Ұлттың тілі- сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егерде қан тамыры жабылып қалса, жүректе соғуын тоқтатпайма?»-деп тектен-текке айтпаған.

Келесі кезекті биге береміз. «Буратино» орындайтындар 4-сынып оқушылары.

2-жүргізуші: Туған тілім –бабам тілі, өз тілім!
Туған тілім –анам тілім, өз тілім!
Туған тілім –далам тілі, өз тілім!
Туған тілім –адам тілі, өз тілім!

Тіл туралы өлеңге кезек береміз.

Орындайтындар:

1. 3а сынып білім алушысы Сұлтанхан Балым
2. 3 б сынып оқушысы Бейсенбай Айтжан
3. 4 б сынып білім алушысы Сапарбек Айша
4. 4 б сынып оқушысы Илес Нұрай
5. 4 г сынып білім алушысы Әбу Ақторғын

1-жүргізуші: Туған жерің – түп қазығың, айбының,
Туған тілің- сатылмайтын байлығың.
Туған дәстүр, салт-санасы тірегің,
Қадамыңа шуақ шашар үнемі.

Келесі тамашалайтындарыңыз 3 г сынып оқушыларының орындауында «Хорошее настроение» биі. Қабыл алыңыздар!

2- жүргізуші: Қазақ тілі өте бай тіл білгенге.
Оның сырын түсіну де тереңде!
Сан ғасырды бастан кешкен қазақ тіл
Дәл қазірде жойылуы мүмкінбе?

Қойылым «Языки – мост дружбы». Орындайтындар 4 сынып білім алушылары.

1-жүргізуші: Жойылмайды, жойылмайды туған тіл.
Тілдің сырын тереңірек бойлай біл,
Жоғалту да, дамыту да тіліңді
Өз қолыңда, соны елім,ойлай біл!

2- жүргізуші: Өзге тілді білгенге,
Білімді боп билейсің.
Кергенменен құр кеуде,
Өз тіліңді білмейсің.
Тос қаққанмен күнде сен,
Демес халқың «құлыным»
Өз тіліңді білмесең,
Неге керек білімің?!

1-жүргізуші: Қазақпын мен, қазақтың бөлшегімін,
Қажеті не басқаның өлшемінің?
Қазақ деген жалғыз ұлт мен боламын,
Енді міне жетеді көпке үнім.

2-жүргізуші: Тіл құдіреті ауыз толтырарлықтай өте күшті.Тіл киелі қасиетті дейміз. Сондықтан ана тілімізді қадірлейік.Тілге қандай құрмет көрсетсек те лайық, ойларыңыз да тілдеріңіз де таза болсын!

1-2-жүргізушілер: Қош сау болыңыздар!

№2 Ж.Жабаев атындағы
бастауыш мектебінде
тіл мерекесіне орай өтілген
іс-шараның

М Ә Л І М Е Т І

2025 жылдың 12 қыркүйек күні «№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш білім беретін мектеп» КММ-де Қазақстан халқының тілдері күніне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай «Тіл – ұлттың тұғырлы тірегі» атты мерекелік бағдарлама өткізілді.

Шара барысында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, көптілділікті дәріптеу мақсатында оқушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өлеңдер оқып, әндер шырқады. Ана тіліне құрметпен қарау, ел бірлігін сақтау туралы ойлар айтылды.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін түсіндіру, өзге тілдерді меңгеруге ынталандыру, тіл арқылы елдің тұтастығын дәріптеу болды.

Мерекелік кеш жоғары деңгейде өтіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Дайындаған: Усенбаева А.У.



№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде „Тілім менің ғасырларға аманат,тақырыбындағы Қазақстан Республикасы халқының Тілдер мерекесіне орай өтілген апталықтың қорытындысы

08 қыркүйек күні «Тілім менің ғасырларға аманат» атты апталықтың ашылу салтанаты өтілді, Салтанатты жиналда Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны шырқалып іс шара жоспары таныстырылды. Бұл мерекелік шараға мектеп ұстаздары мен оқушылары белсене қатысып «Тілім менің ғасырларға аманат» атты апталықтың тұсауын шешті. Ашылу барысында оқушыларға түрлі танымдық әрі қызықты тапсырмалар ұсынылды. Шарларды жару арқылы қойылған сұрақтарға жауап беріп, суреттерден мақал-мәтел құрастырып, «Орнының тап» ойыны арқылы ой-өрістерін кеңейтті. Ұстаздар мен оқушылардың бірлесе ұйымдастырған бұл іс-шарасы білім мен тәрбиені ұштастырып жас буынның тілге деген құрметін арттыруға бағытталды. Жеңімпаз оқушыларға заттай сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар, шара соңында ұлттық тағамымыз-бауырсақ ұсынылып баршаға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

09 қыркүйек күні «Тілім менің тірегім, соғып тұрған жүрегім» атты сынып жетекшілер сынып сағаттарын өтті. Мектеп кітапханашысы Г.Сариеваның ұйымдастыруымен «Тіл әр халықтың байлығы» атты кітап көрмесі өткізілді. Қосымша білім беру педагогы А.Болатбекова және үйірме жетекшілері Халикова мен Г.Жумабаеваның ұйымдастыруымен «Тіл ұлттың тұғырлы тірегі» тақырыбы аясында мақал -мәтел, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері сканворд, крассворд,сөз жұмбақтар ойлан тап тақтасына ілінді.Оқушылар Ойлан тап тақтасындағы тапсырмаларды жақсы орындап белсенді қатысты.

10 қыркүйек күні А.Болатбекованың ұйымдастыруымен «Ана тілім ардағым» интеллектуалды жарыс болды.Жарыста балалар сұрақ жауап аясында әр түрлі сұрақтарға жауап беріп белсене қатысты.

ұйымдастыруымен «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» көркем сөз оқу сайысы ұйымдастырылды.Сайыста 4 «Ә» сынып оқушысы Лесбек Назым, Илес Мерей Рысмахамбет Айару, 4 «Б» сыныптан Рысхан Инжу 4 «Д» сынып Рысбек Нұрым,Балғынбай Айару жүлделі орындарға ие болды .

12 қыркүйек күні Ұйымдастырушы педагог А. Усенбаева мен тәлімгер Д. Байтасованың «Тіл ұлттың тұғырлы тірегі»атты мерекелік бағдарлама 3 тілде өткізілді.Оқушылар мерекелік бағдарламада үш тілде тақпақтар мен өлеңдер оқып жақсы нәтижелер көрсетті

**Дайындаған:М.Нурманова
Г.Абдугаппарова**